

2003 жылы туған ер азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қаңтарда № 5681 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2020 жылдың 1 сәуіріне дейін Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 2003 жылы туған ер азаматтарды тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 1 "2002 жылы туған ер азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5164 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 5 ақпанда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

К. Камзин